КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАУЛЫ

2026-жылғы 15-шілде №1599-26-00-2а/1077 Ақтөбе қаласы

Ақтөбе облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасы құрамында: төрағалық етуші судья Р.С.Ахметова,
судьялар Ж.Ж.Биманова, Н.К.Танкиева,
хатшылықта И.К.Нургалиев болып,
талап қоюшының өкілі О.Ж.Жарасхановаңың,
жауапкер өкілі Е.А.Асауовтың қатысуыларымен,
ашық сот отырысында, «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Батыс PLC» жауапкершілігі шектеулі серктестігін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы электрондық азаматтық ісі бойынша Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026-жылғы 20-мамырдағы шешіміне жауапкер келтірген апелляциялық шағымды қарап

АНЫҚТАҒАНЫ:

Талап қоюшы «Ақтөбе қаласының мемлекеттік сатып алулар бөлімі» мемлекеттік мекемесі жауапкер «Батыс PLC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне «Ақтөбе қаласы Алматы ауданы бойынша қарды жинау бойынша жұмыстар, №2 аумақ» бойынша жалпы сомасы 86 206 895,56 теңгеге, ашық конкурсқа ұсынған ақпарат анық емес болғандықтан, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұраған.

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026-жылғы 20-мамырдағы шешімімен талап қою қанағаттандырылып, қаулы етілген: «Батыс PLC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын. Сот шығыстары шешілген.

Жауапкер бірінші сатыдағы соттың шешімімен келіспей, апелляциялық шағымын сот актісі жан-жақты зерттелмей шығарылғанымен негіздеген.

Сот алқасы даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар «Caspian Bitum» ЖШС-нің, «Казақстан Республикасы Қаржы министрлігі ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Ақтөбе облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-нің, «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» ММ-нің, «Орал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-нің, Б.М.Бисенғалидің, Ю.А.Фырфаның азаматтық істің апелляциялық тәртіпте қаралатын уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланғанын ескеріп, Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі-АПК) 418-бабының екінші бөлігінің талабын басшылыққа алып істі оның қатысуынсыз қарауға кедергі болмайды деп ұйғарды.

Сот алқасы тараптардың түсініктемелерін, іске тіркелген құжаттарды зерттеп, апелляциялық шағымдағы мән-жәйларды тексеріп, келесідей тұжырымға келеді.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 21.07.2026

АПК-нің 427-бабының екінші бөлігінд апелляциялық тәртіппен сот шешімінің күшін жоюға не оны өзгертуге іс үшін маңызы бар мән-жайлар көзделген.

Аталған азаматтық іс бойынша бірінші сатыдағы соттың тарапынан істі қарау барысында заңбұзушылыққа жол берілмеген.

Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі №106-VIII «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 8-бабының 4-тармағының 1-тармақшасына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі анық емес ақпаратты берген әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көрсетілген жағдайда, ұйымдастырушы, бірыңғай ұйымдастырушы, тапсырыс беруші әлеуетті өнім берушінің немесе өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы өздеріне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, мұндай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Заңның 3-бабына сай анық емес ақпарат - біліктілік талаптары және (немесе) конкурстық баға ұсынысына әсер ететін құжаттар бойынша әлеуетті өнім берушінің және (немесе) тартылатын қосалқы мердігердің (бірлесіп орындаушының) конкурсқа, аукционға қатысуға арналған өтінімінде және растаушы құжаттарында қамтылған, сол сияқты ұсынылған өтінімде шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер.

Аталған норманың талаптарының мәнісін түсінуге сәйкес анық емес ақпарат берген әлеуетті өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін оның біліктілік талаптары мен құжаттар бойынша анық емес ақпарат бергендігі дәлелденуі қажет және осы анық емес ақпарат конкурстық баға ұсынысына әсер еткендігі дәлелденуі қажет, сонымен қатар, шынайы мазмұнды бұрмалайтын және шындыққа және әлеуетті өнім берушінің растаушы құжаттарына сай келмейтін түзетулер арқылы енгізілген жалған мәліметтер дәлелденуі тиіс.

«Ақтөбе қаласы Алматы ауадны бойынша қарды жинау бойынша жұмыстар, №2 аумақ» жұмыстарына талап қоюшымен «Ақтөбе қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің тапсырысы бойынша 2026-жылдың 13-қаңтарында ашық конкурстар жарияланған.

Осы конкурстарға жауапкерден басқа «Caspian Bitum» және «Енбек-2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер қатысқан.

2026-жылғы 3-ақпандағы қорытынды хаттамасына сәйкес, №83842483-ОК1 лот бойынша жеңімпаз «Енбек-2050» ЖШС-гі, екінші орын алған әлеуетті өнім беруші жауапкер деп танылған.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 21.07.2026

2026-жылғы 4-ақпанда «Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-не «Caspian Bitum» ЖШС-нен №ЗТ-2026-00454025 шағым түскен, шағымда №15927427-1 жарияланған конкурс көрсетілген.

Шағымды қарау барысында «Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-мен 2026-жылғы 12-ақпанда «Орал қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ-не №08-06/362, 2026-жылғы 10-ақпанда «Шымкент қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы» ММ-не №08-06/327 сұраныстары жолданған.

Аталған сұраныстардың жауаптарына сәйкес, Бердіғали Мерекеұлы Бисенғалиға, Юрий Андреевич Фырфаға тракторист-машинист куәлігі берілмегендігін анықталды.

2026-жылғы 26-ақпанда «Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-мен талап қоюшыға шағымды қарау барысында «Батыс PLC» ЖШС-мен анық емес ақпарат беру фактісі анықталғандықтан сотқа жүгіну туралы хаты жолданған.

Мұндай жағдайда, сот алқасы талап қоюшының жауапкермен конкурстық өтінімде біліктілік талаптары туралы анық емес ақпаратты бергендігі туралы уәжін негізді деп санайды, себебі АПК-нің 65-бабының үшінші бөлігінің талаптарына сәйкес жауапкермен тиісті дәлелдемелер ұсынылған жоқ.

Жауапкер конкурсқа қатысу үшін берілген өтінімде көрсетілген мәліметтердің және оған қоса берілген құжаттардың дұрыстығына толық жауапкершілікті өз мойнына алған.

Заң шығарушы анық емес ақпарат беру фактісін мемлекеттік сатып алуға қатысуға жіберілген немесе оның жеңімпаздары деп танылған әлеуетті өнім берушілермен ғана байланыстырмайды.

Жауапкердің біліктілік талаптары бойынша анық емес ақпарат беруінің өзі оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану үшін жеткілікті негіз болып табылады.

Бірінші саты сотының конкурсқа қатысқан кезде жауапкер ұсынған материалдық және еңбек ресурстары туралы мәлімет анық емес ақпарат болып табылатындығы туралы тұжырымы анықталған істің мән-жайларына сәйкес келеді және жауапкердің «Ақтөбе облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті» РММ-мен конкурсқа байланысты тексеру барысында мәліметтерді сұрау құқығы қарастырылмаған деген уәждері негізсіз, және Заңның 14-бабының талаптарына қайшы.

Оған қоса, тиісті түрде рәсімделмеген, уәкілетті органда тіркеуде жоқ құжаттар негізінде жеке тұлғаларды тракторист-машинист ретінде жұмысқа қабылдап, оларды объектіде қызмет атқаруға рұқсат ету тұлғалардың өздерінен бөлек үшінші тұлғалардың өміріне қауіп туғызып, қайтымсыз салдарға әкеп соғу мүмкін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 21.07.2026

Апелляциялық шағымда келтірілген уәждер заң талаптарына сай шығарылған соттың түйіндерін теріске шығаратын мән-жайлар болып табылмайды, себебі шағымның уәждері соттың түйіндеріне қайтадан баға беруге бағытталған, жаңа дәлелдер мен уәждер келтірілмеген.

Бірінші сатыдағы сотпен іс үшін маңызы бар мән-жайлар толық анықталып, оларға тиісті құқықтық баға берілген, материалдық, процестік нормалар дұрыс қолданылған.

Сот алқасы бірінші саты сотының шешімі заңды, оны бұзуға немесе өзгертуге негіз жоқ деп санайды, сондықтан сот шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылуға жатады.

Жоғарыдағылардың негізінде және АПК-нің 423-бабын, 424-бабының бірінші бөлігінің 1) тармақшасын, 425-426, 431 баптарын басшылыққа алып сот алқасы,

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2026-жылғы 20-мамырдағы осы азаматтық іс бойынша шешімі өзгеріссіз, апелляциялық шағым қанағаттандырусыз қалдырылсын.

Қаулы жария етілген кезден бастап заңды күшіне енеді.

Тараптар және іске қатысушы басқа тұлғалар Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 54 тарауының талаптарына сәйкес, Қазақстан Республикасының азаматтық істер жөніндегі касациялық сотына, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде өтінішхат (наразылық) келтіруге құқылы.

Төрағалық етуші Р.Ахметова

Судьялар: Ж.Биманова

Н.Танкиева

1599-26-3-2/1077

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Ахметова Р. С., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Биманова Ж. Ж., 21.07.2026
Құжатқа қол қойылған: Танкиева Н. К., 21.07.2026

ЖАДЫНАМА

Құрметті сот ісіне қатысушы!

Егер Сіз апелляциялық сатыдағы қаулымен келіспесеңіз, қаулы заңды күшіне енген күннен бастап 6 ай ішінде оны кассациялық сотқа шағымдануға құқығыңыз бар (Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (АПК) 435, 436-бабы).

Қазақстан Республикасының кассациялық сотына өтінішхат берер алдында мыналарды міндетті түрде тексеріп алыңыз:

I. Сіздің ісіңіз кассациялық тәртіпте қаралуға жата ма?

ҚР АПК-нің 434-бабының 2-бөлігімен танысыңыз, онда кассациялық тәртіппен қайта қарауға жатпайтын сот актілерінің тізбесі көрсетілген.

II. Өтінішхат пен құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы

- Өтінішхат ҚР АПК-нің 441-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс.
- Егер сіз өкіл арқылы жүгінсеңіз, оның өкілеттігі ҚР АПК 61-бабына сәйкес ресімделгеніне көз жеткізіңіз.
- Өтінішхатқа мыналар қоса берілуі тиіс:
  - сенімхат
  - адвокат куәлігі және қорғау туралы жазбаша хабарлама (адвокат үшін)
  - заң консультанттары палатасына мүшелігін растайтын құжат (заңгерлер үшін).

III. Мемлекеттік бажды төлеу

Мемлекеттік бажды төлемес бұрын:

- ҚР Салық кодексінің 610-бабымен;
- АПК-нің 104-бабымен;
- Жоғарғы Соттың 07.07.2016 жылғы №6 «Мәмілелер жарамсыздығының және олардың жарамсыздығының салдарларын соттардың қолдануының кейбір мәселелері туралы» нормативтік қаулысының 3-тармағымен.
- ҚР СК 616-бабымен (мемлекеттік баж төлеуден босату негіздері) мұқият танысыңыз.

IV. Қазақстан Республикасының кассациялық сотына мемлекеттік бажды төлеу үшін деректемелер:

Бенефициары: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің Астана қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Сарыарқа ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы» РММ

БСН: 981140001115

ЖСК: KZ24070105KSN0000000

Бенефициар банкі: «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» ММ

БСК: KKMFKZ2A

Салық органының коды: 6203

БСК 108126 - Жергілікті бюджетке түсетін мемлекеттік баж

ТТК 911